

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 880 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 желтоқсанда № 18041 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (А.Х.Базылбеков) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
полиция генерал-полковнигі*

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 880 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесі

1. "Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9738 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 ақпанда "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

орыс тіліндегі 2-тармақ жана редакцияда жазылсын, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстар, Алматы, Шымкент, Астана қалалары бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің аумақтық пробация қызметтері (бұдан әрі - Пробация қызметтері) сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындайтын органдар болып табылады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі";

1-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Пробация қызметінің негізгі міндеттері:";

4-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда түзеу жұмыстарын қоғамдық жұмыстарға тартумен, қамаққа алумен, бас бостандығын шектеумен немесе бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы;

қоғамдық жұмыстардан қасақана жалтарған жағдайда қоғамдық жұмыстарға тартуды қамауға алумен, бас бостандығын шектеумен немесе бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы;

бас бостандығын шектеуге сотталған адам жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру туралы;

еңбекке қабілеттігін толық жоғалтқан кезде түзеу жұмыстарының қалған бөлігін орындаудан босату туралы;

қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталып, бақылаудан жасырынып жүрген және жазасын өтеуден жалтарған адамдарға қатысты іздестіру жариялау, оны тоқтату және бұлтартпау шарасын таңдау туралы;

бас бостандығын шектеуге және түзеу жұмыстарына сотталғандарды жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы;

шартты түрде соттаудың күшін жою немесе пробацялық бақылау мерзімін ұзарту туралы;

бас бостандығын шектеуге сотталған адам үшін бұрын белгіленген міндеттердің күшін толық немесе ішінара жою туралы;

қамауда ұсталған мерзімді есепке алу туралы;

жазаны орындауды кейінге қалдыруды жою туралы;

кері күші бар не жасалған іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылықтың күшін жоятын қылмыстық заңның шығуы, сондай-ақ рақымшылық жасау актісінің шығуы салдарынан жазадан босату немесе жазаны жеңілдету туралы;

түзеу жұмыстарына сотталған адамның жалақысынан ұсталатын мөлшерін Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес төмендету туралы мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 476-бабына сәйкес сотқа ұсыным енгізеді.";

5-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) тоқсан сайын сотталғандар туралы қойылған хабарламалар бойынша ҚСЖАЕК-нің аумақтық басқармаларымен салыстыру жұмысын жүргізеді, ол туралы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға қатысты шығарылған хабарламалар және 1-нысандағы әліпбилік есепке алу карточкалары бойынша салыстыра тексеру актісін екі данада жасайды;

5) іздестірудегі адамдардың тізімі бойынша жедел-іздестіру бөліністерімен ай сайын салыстыру жүргізеді, ол туралы осы Қағидаларға

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша іздестірудегі сотталған адамдар бойынша салыстыра тексеру актісін екі данада жасайды;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жеке, бақылау, жинақтау істерінің, есепке алу карточкасының және бақылау-мерзімдік карточканың реттік нөмірлері сотталғандарды және бас бостандығынан айыру орындарынан мерзімінен бұрын шартты түрде босатылғандарды, сот әкімшілік қадағалау белгілеген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды есепке алу журналына тіркелген үкімнің нөміріне сәйкес келеді.";

орыс тіліндегі 9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Сотталғанды есепке қойғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Пробаця қызметі "Арнайы есепке алу" автоматтандырылған ақпараттар жүйесіне (бұдан әрі - АЕА ААЖ) деректемелерді автоматты түрде толтыру үшін (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың,

қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларына (бұдан әрі - Адамдардың арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидалары) 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталған (күзетпен қамауға алынған) туралы электрондық хабарламаны қалыптастырады және жеке қағаз тасымалдағыштарда үкім көшірмесін, жеке басын куәландыратын құжат көшірмесін ҚСЖАЕАК-нің аумақтық басқармасына жолдайды.

Басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың соты соттаған адамға Адамдардың арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әліпбилік есепке алу карточкасының бір данасын толтырады және сотталған (күзетпен қамауға алынған) туралы электрондық хабарламаны қалыптастырады және жеке қағаз тасымалдағышта бір дана әліпбилік есеп карточкасын, үкім көшірмесін, жеке басын куәландыратын құжат көшірмесін ҚСЖАЕАК-нің аумақтық басқармасына жолдайды. Хабарламаның көшірмесі хронологиялық ретпен істің бірінші бөліміне тігіледі.

Пробация қызметі қылмыстық қудалау органында немесе тергеу изоляторында дактилоскопиялық тіркеуден өтпеген адамды (жеке айыптау істері) өз есебіне қойғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде ҚСЖАЕАК-нің аумақтық басқармасына жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін сала отырып, дактилоскопиялық картаның бір данасын ұсынады.

11. Сотталғанды жазадан босатқан немесе оған қатысты үкімді өзгерткен, есептен шығарған кезде Пробация қызметі процестік шешімді қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде ҚСЖАЕАК-нің аумақтық басқармаларына сотталғанды есептен шығару негіздемесі немесе оған қатысты үкімнің өзгертілгені туралы толық мәліметтерді көрсете отырып, АЕА ААЖ деректемелерін автоматты түрде толтыру үшін сотталған (күзетпен қамауға алынған) туралы электрондық хабарламаны қалыптастырады және жеке қағаз тасымалдағышта заңды күшіне енген сот қаулысының көшірмесін ұсынады. Хабарламаның көшірмесі хронологиялық ретпен істің екінші бөліміне тігіледі.";

орыс тіліндегі 12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Пробация қызметі сотталғанды жергілікті атқарушы органдарға жолдаған кезде оған анықтама-жолдаманы береді.

Анықтама-жолдамада сотталғанның сауалнамалық деректері, оның тұрғылықты жері мен негізгі жұмыс (оқу) орны, оның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы ҚК) қандай бабы бойынша сотталғаны,

қоғамдық жұмыс мерзімі (сағатпен), сотталғанның жергілікті атқарушы органға келу күні, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы ҚАК) 58-бабына сәйкес оны есептеу тәртібі көрсетіледі.";

20-тармақ алып тасталсын;

23-тармақ алып тасталсын;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Сотталған жазаны өтеуден жалтарған кезде Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы ҚК-нің 43-бабының 2-1-бөлігіне сәйкес қоғамдық жұмыстарды қамаумен, бас бостандығын шектеумен не бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсынымды осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа жібереді.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Түзеу жұмыстары алименттерді, жарақаттануға немесе денсаулықтың өзге де зақымдануына, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянды өтеу есебіне мерзімдік төлеуге (өндіріп алуға) жататын қаражатты шегергенде, сотталған адамның жалақысының (ақшалай үлесінің) оннан елу пайызға дейінгі ай сайын ұстап қалу және Жәбірленушілерге өтеу қорына аудару арқылы орындалады.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден жалтарған не жұмысынан айырылған немесе еңбек шарты бұзылған күннен бастап үш ай бойы жұмысқа орналаспаған сотталғанға қатысты Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде қылмыстық теріс қылықтары үшін қоғамдық жұмыстарға тартумен не қамауға алумен, ал ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін бас бостандығын шектеумен не бас бостандығынан айырумен, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсынымды осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа жолдайды.";

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Бас бостандығын шектеуге сотталғандарды сот шешімі бойынша жазаны өтеудің барлық мерзімі ішінде жыл сайын жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартуды Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 57-59-баптарына сәйкес жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтіледі.";

110-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"110. Пробация қызметі:

1) есепке қою кезінде:

кәмелетке толмағандармен ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің, қажет болған жағдайда - психолог немесе ұстаздың қатысуымен, алғашқы профилактикалық сипаттағы әңгімелер жүргізеді;

жазаны өтеу шарттарын және тәртібін түсіндіреді;

кәмелетке толмағанның сауалнамалық деректерін, жақын туыстары және кәмелетке толмағандарға ықпал ететін адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелерді нақтылайды.

Кәмелетке толмағанмен әңгімелесу жүргізгеннен кейін әңгімелесу анықтамасы толтырылады, сондай-ақ осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат алынады, олар кәмелетке толмағанның жеке немесе бақылау ісіне тігіледі. Әңгімелесу анықтамасында және қолхатта кәмелетке толмаған, ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері қол қояды;

2) кәмелетке толмағанға қатысты сот үкімі келіп түскен күнінен бастап бір тәулік ішінде әскери басқарманың жергілікті органына (әскерге шақырылуға жататын жасөспірімдерге қатысты), сондай-ақ қорғаншылық және қамқоршылық органдарына осы Қағидаларға 27, 42-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша хабарлама жолдайды;

3) іздестіруде жүрген кәмелетке толмаған ұсталған кезде, жауап алу және жазасын өтеуден жалтаруына мүмкіндік туғызған себептер мен жағдайларды анықтау үшін дереу ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін шақыртады;

4) қорғаншылық және қамқоршылық органының өкілдерімен бірлесіп, тоқсан сайын акт жасай отырып, кәмелетке толмағандардың тұрғын үй жағдайын зерттеп-қарауды жүргізеді.";

112-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12-1-параграфпен толықтырылсын:

"12-1-параграф. Тұрғылықты жерін өзгерту немесе әкімшілік-аумақтық бірліктен тысқары жерге шығу туралы хабардар ететін сотталғандарға бақылауды жүзеге асыру тәртібі

115-1. Сотталғандар жеке жазбаша түрде Пробация қызметін тұрғылықты жерін өзгерткені туралы немесе әкімшілік-аумақтық бірліктен тысқары жерге шығуы туралы хабардар етеді.

Сотталған әкімшілік-аумақтық бірліктен тысқары жерге шығу туралы хабардар еткен кезінде Пробация қызметі қолхат арқылы осы Қағидаларға 41-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағыттық парақты береді.

115-2. Пробация қызметі сотталғаннан хабарламаны алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде сотталғанның хабарламада көрсеткен тұрғылықты жері немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы бойынша аумақтылығы бойынша Пробация қызметіне сұрау салу жолдайды.

Сұрау салуды алған Пробация қызметі бес жұмыс күні ішінде сотталғанның көрсеткен тұрғылықты жері бойынша тұруы туралы тексереді және расталған жағдайда сұрау салуға жауап жолдайды, ал сотталғандардың бақылау немесе жеке істерін алған

кезде екі жұмыс күні ішінде Пробация қызметіне растау жолдайды, бұл сотталғанды бұрынғы тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметінен есептен шығару үшін негіз болып табылады.

Сотталған есепте тұрған Пробация қызметі бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік органдардың интранет-порталына электрондық пошта арқылы аумақтылығы бойынша Пробация қызметіне сотталғанның шығуы, оның келу және болуы жөнінде жазбаша хабардар етеді.

115-3. Сотталған тұрғылықты жері бойынша келгеннен кейін аумақтылығы бойынша Пробация қызметі, оны Пробация қызметі осы Қағидаларға 41-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уақытша келетін сотталғандарды тіркеу есепке алу журналына тіркейді және бағыттық парағына тиісті белгілер енгізеді және оларды мөрімен (мөртаңбасымен) куәландырады.

115-4. Пробация қызметі сотталғанның уақытша тұру мерзімі ішінде оның әңгімелесу үшін оның келу күндерін белгілейді, сондай-ақ мінез-құлқы мен өмір сүру салтын қадағалауды жүзеге асырады, болу мерзімі аяқталғанда бағыттық парағына оның уақытша тұру жеріндегі мінез-құлқы туралы жазба енгізеді.

115-5. Сотталған тұрақты тұрғылықты жеріне оралған кезінде Пробация қызметіне жеке келеді және бағыттық парақты тапсырады. Пробация қызметі бағыттық парақтағы жазбалармен танысады, онда сотталғанның келгені туралы белгі қояды және бағыттық парақты жеке және бақылау ісіне тіркейді.";

116-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"116. Пробация қызметі сотталғанды іздестіру бойынша бастапқы іздестіру іс-шаралары келесі күні:

1) бас бостандығының өтелмеген бөлігін бас бостандығынан шектеу түріндегі жазаға ауыстыру кезінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі әкімшілігінің белгілеген мерзімінде келмеген;

2) жазаны орындауды кейінге қалдыруға байланысты қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатылған күнінен бастап екі апталық мерзімде келмеген;

3) оны жазаны өтеуден жалтарған деп танылған жағдайда жүргізеді.

Пробация қызметіне тіркелу үшін келмеген күннен бастап он бес күннен астам тұрған жері анықталмаған сотталған адам жазаны өтеуден жасырынып жүр деп танылады.";

118-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"118. Бастапқы іздестіру іс-шараларын күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімде өткізіледі және егер оның нәтижелері бойынша сотталғанның болған жері анықталмаса, онда Пробация қызметі алдағы үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 30 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша іздестіру жариялау және бұлтартпау шараларын таңдау туралы ұсынымды сотқа енгізеді.";

147-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"147. Сотталған электрондық бақылау құралын зақымдаған (бүлдірген) жағдайда Пробация қызметі осы Қағидаларға 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық бақылау құралдарындағы ақауды анықтау актісін жасайды.

Пробация қызметі электрондық бақылау құралдарын зақымдау (бүлдіру) себептерін анықтау үшін облыстар, Алматы, Шымкент, Астана қалалары бойынша ҚАЖД-ның техникалық қызмет бөліміне жолдайды."

11, 14, 15, 19, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53-қосымшалар осы тізбеге 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32 және 33-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеге 20 және 21-қосымшаларға сәйкес редакцияда 41-2, 41-3-қосымшалармен толықтырылсын.

2. "Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 18 тамыздағы № 517 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2014 жылғы 17 қыркүйекте № 9737 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 14 қазанда және "Егемен Қазақстан" газетінде 2014 жылғы 4 желтоқсанда жарияланған):

бұйрықтың қазақ тіліндегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

қазақ тіліндегі бұйрықтың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидасында:

қазақ тіліндегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидалары";

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

қазақ тіліндегі 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Осы Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметтері мен пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі ішкі істер органдарының әкімшілік полиция бөлімшелерінің, жергілікті полиция қызметінің ақпараттық-талдау бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің (бұдан әрі - ҚАЖД) пробация қызметтерінің және қалалық, аудандық (басқармалар) бөлімдерінің полиция бөліністерінің (бұдан әрі - ҚАПб(Б)), Полиция департаменттерінің (бұдан әрі - ПД) өзара іс-қимыл жасасуы:

1) оларға белгілі болған дайындалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылықтар мен қылмыс фактілері туралы ақпаратпен алмасу;

2) олардың өмір салтын және тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру;

3) есепке алынған адамдарға қатысты профилактикалық сипаттағы іс-шараларды бірлесіп жоспарлау және кемінде тоқсанына бір рет өткізу;

4) бірлескен кеңестер өткізу арқылы жүзеге асырылады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Пробация қызметі мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу тәртібі";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аумақтық пробация қызметі сот шешімі келіп түскен немесе ол өзгерген күнінен бастап бір тәулік мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Бүркіт-мемлекеттік органдар клиенті" бірыңғай ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - "Бүркіт-мемлекеттік органдар клиенті" БАЖ) енгізу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан тыс шығуға тыйым салуға тапсырма (бұдан әрі - тапсырма) толтырады. Тапсырма сотталғанның жеке немесе бақылау ісіне тіркеледі және бір жұмыс күні ішінде сот шешімі немесе есептен алу негізінде "Бүркіт-мемлекеттік органдар клиенті" БАЖ-да оның қолданылу ету мерзімі түзетіледі.

Орнатылған "Бүркіт-мемлекеттік органдар клиенті" БАЖ болмаған кезде аумақтық пробация қызметі бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік органдардың интранет-порталындағы электрондық пошта арқылы тапсырманы "Бүркіт-мемлекеттік органдар клиенті" БАЖ-ға енгізу үшін ҚАЖД-ның Пробация қызметіне басшылық ету бөліміне (бөлімшесіне, тобына) (бұдан әрі - ПҚББ) жолдайды.

Ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-і күніне аумақтық пробация қызметі ПҚББ-ға қойылған тапсырмалар саны және олардың түзетулері туралы мәліметтерді жолдайды.

Аумақтық пробация қызметі есепте тұрған адамды есепке қойған сәттен бастап Ақпараттық-аналитикалық бөлімшелеріне (бұдан әрі - ААБ) ұсынумен, оларды Біріктірілген деректер банкіне (бұдан әрі - БДБ) енгізу үшін адамға қатысты ақпараттық-іздеу карточкасын (ТҒ-АІК) толтырады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бас бостандығын шектеуге сотталған, сондай-ақ шартты сотталғандар санаттары бойынша есепте тұрған адамдарға БДБ "Есепке алынған элемент" есебіне қою немесе түзетулер енгізу кезінде ПД Ақпараттық-аналитикалық орталығы (бұдан әрі -ПД ААО) БДБ-ның бастамашылық хабарламаларын өңдеу бойынша Web-жүйесі арқылы "ТЖ-билеттері" және "Әкімшілік құқық бұзушылықтар" есептері бойынша сәйкестіктер анықтайды.

ПД ААО қызметтері Web-жүйесі арқылы хабарлау "Мәлімет үшін" - "ҚАЖ" - "мүдделі қызметтерін хабарлау" - шешімін қабылдаған жағдайда бір тәулік ішінде бастамашылық хабарламаларды өңдеу бойынша есепке алынған адам есепте тұрған ҚАЖД-ға хабарлама жолдайды.

Бастамашылық хабарламаларды өңдеу бойынша Web-жүйесінде тіркелген ҚАЖД-ның жауапты қызметкері электрондық хабарламаны алғаннан кейін "назарға алынды" шешімін қабылдайды, одан кейін хабарламаны есепке алынған адам есепте тұрған аумақтық пробация қызметіне одан әрі орындау үшін жолдайды.";

7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Есепке алынған адамның мекенжайы аудан немесе облыс шегінен тыс кетуіне байланысты ауысқан жағдайда пробация қызметі хабарламаны жергілікті полиция қызметіне және ҚАПБ(Б) АТБ-ға есептен алу үшін жолдайды.

8. Аумақтық пробация қызметтері ай сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-і күнінен кешіктірмей:

1) жергілікті полиция қызметіне учаскелік полиция және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторларды хабардар ету үшін есепте тұрған және пробация қызметінің есебінен алынған есепте тұрған адамдардың тізімдерін жолдайды

2) ҚАПБ(Б) есепте тұрған адамдарды бақылаудың жай-күйі туралы ақпаратпен алмасады.

9. Аумақтық пробация қызметтері тоқсан сайын:

1) ҚАПБ(Б) мен пробация қызметінің өзара іс-қимыл жасасуының жай-күйі, сондай-ақ орын алған проблемалар туралы ақпаратты ҚАЖД-ға ұсынады;

2) есепке алынған адамдарды ішкі істер органдарының қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелері мен Қазақстан Республикасы Бас

прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - ҚСЖАЕК) ақпараттық жүйелері бойынша тексеруді жүзеге асырады;

3) кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және учаскелік полиция инспекторларымен бірыңғай анықтама жасай отырып, бірлескен тексерісті жүзеге асырады;

4) жергілікті полиция қызметі және ҚАПб(Б) ААб-мен осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепте тұрған және есептен алынған есепте тұрған адамдардың саны бойынша салыстыра тексеру жүргізеді, олардың нәтижелері аумақтық бөліністері бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың саны бойынша пробация, жергілікті полиция қызметі және ҚАПб(Б)-мен ААб-нің арасында салыстыра тексеру актісін жасайды.";

10-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ПД бастығының орынбасарына өзара іс-қимыл жасасудың жай-күйі туралы ақпарат ұсынады;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (бұдан әрі - ҚАЖ комитеті) ПД-мен, ҚАПб(Б)-мен өзара іс-қимыл жасасудың жай-күйі және бар проблемалар туралы ақпарат жолдайды,";

10-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

11-тармақ алып тасталсын;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. ҚАЖД пробация қызметі бөлімдері жартыжылдықтың және жылдың қорытындысы бойынша ҚАПб(Б) мен пробация қызметтерінің өзара іс-қимыл жасасуының жай-күйі және бар проблемалар туралы мәліметті жалпылап, оларды ҚАЖ комитетіне жолдайды.

13. ҚАПб(Б) мен пробация қызметінің өзара іс-қимыл жасасу мәселелері тоқсан сайын ПД басшылығын, сондай-ақ жергілікті полиция қызметі, Криминалдық полиция, Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес, Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармаларының өкілдерін шақыра отырып, ҚАЖД басшылығы жанындағы жедел кеңестерде қаралады."

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. ҚАПб(Б) пробация қызметінің сұрау салуы бойынша қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолдану туралы материалдардың көшірмесін ұсынады, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар жасаған құқық бұзушылықтар фактілері туралы ай сайын хабардар етеді.

16. Аумақтық пробация қызметтері бір жұмыс күні ішінде ПҚББ-ға оларға есепте тұрған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылық жасауының фактілері туралы баянатпен баяндайды.

ПҚББ бір жұмыс күні ішінде есепте тұрған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактісін анықтаған кезде, ал ауыр, аса ауыр қылмыстар бойынша

ДП-мен бірлесіп, оларды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау үшін қызметтік тергеу жүргізу үшін баянатпен ҚАЖД басшылығына баяндайды.

Қызметтік тергеу қорытындысын тағайындау күнінен бастап бір ай ішінде ҚАЖД басшылығы, ал ауыр, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін ПД басшылығымен бірлесіп бекітеді.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Әкімшілік қадағалау белгіленген, сондай-ақ мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметімен және полиция бөліністерімен өзара іс-қимыл жасасу тәртібі";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Полиция бөліністері мен пробация қызметтерінің пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың арасында құқық бұзушылықтар профилактикасы бойынша өзара іс-қимыл жасау тәртібі";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Аумақтық ҚАПб(Б) және пробация қызметінің өзара іс-қимыл жасасу мәселелері ҚАПб(Б) жергілікті полиция қызметі, криминалдық полиция, ҚАПб(Б) ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөліністері өкілдерінің қатысуымен, басшылығының жанындағы жедел кеңестерде тоқсан сайын қаралады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Пробация қызметінің есебінде тұрған есепке алынған адамдардың қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісі анықталған кезде ҚАПб(Б)-нің жедел кезекшілері тәуліктік мерзімде пробация қызметін ақпараттандырады.";

Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидасына 2-қосымша алып тасталсын;

Қағидаларға 1 және 3-қосымшалары осы бұйрыққа 34, 35-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Жазалаудың осы түріне сотталған адамдардың қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 2 маусымдағы № 386 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15311 санымен тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жазалаудың осы түріне сотталған адамдардың қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастыру қағидаларында:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қоғамдық жұмыстар сотталғандарды негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерін орындаудан босата отырып не оқудан бос уақытта күніне төрт сағаттан аспайтын шамада орындалады.

4. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза мерзімі сағатпен есептеледі, сол уақыт ішінде сотталған адам қоғамдық жұмыстарды орындайды. Кәмелетке толмаған

сотталғандарға қатысты қоғамдық жұмыстар он сағаттан жетпіс бес сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады және ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмыстарды орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындайды. Он алты жасқа дейінгі адамдардың бұл жаза түрін орындау ұзақтығы - күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек."

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 880 кейбір бұйрықтар
тізбесіне 1-қосымша
Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
11-қосымша
Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

(аумақтық органның атауы)

Сотқа дейінгі пробацияға түсетін адамдарды есепке алу ЖУРНАЛЫ

20__ жылғы "___" _____ басталды

20__ жылғы "___" _____ аяқталды

Сақталу мерзімі _____

(ішкі мазмұны)

| Рет № | Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған жылы және жері | Тұрғылықты жері | Күдікті адам деп тану туралы қаулыны қашан, қай ҚАПБ (Б) шығарды | Бұлтартпау шарасы | Сотқа дейінгі тергеу мерзімі (Есепке жеделдетілген, 1 ай, 2 ай, белгілі бір күні мерзімге ұзартылды) | 7 |
|----------|--|--------------------|---|----------------------|--|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

кестенің жалғасы

| Жинақтау ісінің нөмірі | ӘҚК көрсету үшін қашан, қайда жолданды | Сотқа дейінгі баяндаманы жолдау күні (күжаттың шығыс №) | Айыпталушыға, күдіктіге сотқа дейінгі баяндаманы ұсыну күні |
|------------------------------|--|--|--|
| 8 | 9 | 10 | 11 |

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 880 кейбір бұйрықтар
тізбесіне 2-қосымша
Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
14-қосымша
Нысан

Сот шешімін орындауға қабылдау туралы
ХАБАРЛАМА

_____ (сот атауы,

_____ оның орналасқан жері)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы бойынша
сотталған _____

_____ (ТАӘ (ол болған жағдайда) және туған жылы)

_____ сотының 20 ___ жылғы " ___ " _____
үкімнің көшірмесі 20 ___ жылғы " ___ " _____ алынғанын және атқаруға
қабылданғанын хабарлаймыз.

Сотталған _____

_____ мінез-құлқы бақылауға алынды.

_____ (орган атауы)

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні)

_____ (қолы)

20 ___ жылғы " ___ " _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 880 кейбір бұйрықтар
тізбесіне 3-қосымша
Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
15-қосымша
Нысан

БАҚЫЛАУ-МЕРЗІМДІК КАРТОЧКАСЫ

Мерзімнің аяқталуы _____

_____ (күні, жаза түрі: түзеу жұмыстары, шартты түрде соттау, жазаны орындауды

_____ кейінге қалдыру, белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен
айналысу

кұқығынан айыру, бас бостандығыншектеу және қоғамдық жұмыстары)

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға жіберілген күні (ШТМББ)

20 _ жылғы " ___ " _____

ТАӘ (ол болған жағдайда) _____

Есепке алынды _____

№ _____ жеке (бақылау) іс

Карточканы _____

толтырды

_____ (орган атауы)

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) _____ (қолы)

20 _ жылғы " ___ " _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 880 кейбір бұйрықтар
тізбесіне 4-қосымша
Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
19-қосымша
Нысан

_____ (аумақтық органның атауы)

Түзеу жұмысын өтеушінің

№ _____ ЕСЕП КАРТОЧКАСЫ

Тегі _____

_____ Аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

_____ Туған жылы мен жері _____

_____ Мекенжайы _____

_____ Жұмыс (оқу) орны және лауазымы _____

20 __ жылғы " __ " _____

(сот атауы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы бойынша _____ мерзімге түзеу жұмыстарына сотталды, ұстап қалудың өлшемі _____ %.

20 __ жылғы " __ " _____ есепке алынды.

Қартчканы толтырған _____

(лауазымы, тегі аты-жөні)

(қолы)

Жұмыс орнын немесе тұрғылықты жерін өзгерткені туралы белгі қою орны

Алынған растауға сәйкес ұстап қалу 20 __ жылғы _____ басталды.

20 __ жылғы " __ " _____ және 20 __ жылғы " __ " _____ аралығында қамауда отырды.

Жаза мерзімінің өтелуіне _____ ай _____ күн қалды.

| Жылы, ай | Кесте бойынша істелген жұмыс күнінің саны | Жұмыс атқарған күндері | Жұмыс атқармаған күндері және себептері |
|----------|---|------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

(кестенің жалғасы)

| Тапқан ақшасы | Жалпы аударылғаны | Аударылған күні және құжаттың № | Есеп мәліметтері тігілген істің және парақтың нөмірі |
|---------------|-------------------|---------------------------------|--|
| 5 | 6 | 7 | 8 |

Барлығы _____ 20 __ жылғы " __ " _____ есептен шығарылды.

Негіздеме: _____

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(атағы, тегі, аты-жөні)

(қолы)

20 __ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 880 кейбір бұйрықтар
тізбесіне 5-қосымша
Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
26-қосымша
Нысан

ҚОЛХАТ

Мен, _____

(ТАӘ (ол болған жағдайда), туған жылы, тұрғылықты жері)

20__ жылғы "___" _____

сотымен

(соттың атауы)

_____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____
бойынша

(жаза мерзімі) (түзеу, қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу,

_____ белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс-әрекетпен айналысу құқығынан айыру,

_____ шартты сотталу, жазаны өтеуді кейінге қалдыру)

_____ сотталдым, жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын өтеу тәртібімен және жағдайымен таныстым.

_____ Пробация қызметінің бақылауынан жасырынғаны үшін және Қазақстан Республикасы

_____ ҚАК-ның 21, 53, 59, 66, 74, 164, 174-баптарымен белгіленген жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын өтеу тәртібі және жағдайын сақтамағаны үшін

_____ жауапкершілікке тартылатынымдығы туралы ескертілдім.

20__ жылғы "___" _____

(сотталғанның қолы)

Қолхатты алған

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(органның атауы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 880 кейбір бұйрықтар
тізбесіне 6-қосымша
Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына

ХАБАРЛАМА

Әскери есепте тұратын _____

(ТАӘ (ол болған жағдайда))

20 ___ жылғы " ___ " _____ туған _____

мекенжайы бойынша тұрады.

20 ___ жылғы " ___ " _____ сотталған (соттың
атауы)

_____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____
бабы бойынша _____ сотталған.

(жазаның түрі және мерзімі)

Сотталғанның пробация қызметінің есебінен шығарылғаны туралы қосымша
хабарланатын болады.

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
(органның атауы)

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20 ___ жылғы " ___ " _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 880 кейбір бұйрықтар
тізбесіне 7-қосымша
Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
28-қосымша
Нысан

бастығы (директоры)

(жергілікті атқарушы органның
атауы)

ЖОЛДАМА-АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасы ҚАК-тың 57, 58, 59-баптарына сәйкес, Сіздің кәсіпорынға
20__ жылғы " __ " _____

(сот атауы)

сотымен Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы бойынша _____
сағат қоғамдық жұмыстарға сотталған _____

((ТАӘ (ол болған жағдайда), туған жылы,

тұрғылықты жері, негізгі жұмыс (оқу) орны)
жазасын өтеу үшін жіберіледі.

М.О.

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
(органның атауы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

----- кесу сызығы-----

Жолдаманы алғаннан кейін хабарламаны толтырып, мөрмен растап және дереу
Пробация қызметіне жіберілісін.

Хабарлама

20__ жылғы " __ " _____ № _____

_____ пробация қызметіне

Сотталған _____

(тегі, аты-жөні)

_____ қоғамдық жұмыстарды
орындауға

(жұмыстың атауы)

20__ жылғы " __ " _____ кірісті.

М.О.

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
(органның атауы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы ҚАК-тың 62-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар сот

үкімін алғаны және оны орындауға қабылдағаны туралы Пробация қызметіне дереу хабарлайды; жұмыс істеген уақытын есепке алу табелін жүргізеді, орындалған жұмыс

актілерін жасауға және ағымдағы жылдың соңғы күнінен кешіктірмей оларды Пробация

қызметіне жібереді; сотталғанның мінез-құлқы туралы пробация қызметін хабардар етеді;

сотталғанның жазаны өтеуден жалтаруы туралы Пробация қызметін хабардар етеді.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 880 кейбір бұйрықтар
тізбесіне 8-қосымша
Пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидаларына
29-қосымша
Нысан

